

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар  
жөніндегі Ұлттық комиссиясы  
Директоратының

1999 жылдың 26 қазанындағы  
№ 462 қаулысымен

**Б е к і т і л г е н**

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ  
"К", "Р", "Н" санатындағы мүшелері  
жиналысының шешімімен

(1999 жылдың 14 қазанындағы  
№ 7 хаттама)

**Қ а б ы л д а н д ы**

1999 жылдың 01 қарашасынан бастап

**Қолданысқа енгізілді**

## Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттық ЕРЕЖЕЛЕРІ

---

Алматы қ.

1999

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2001 жылдың 09 қарашасында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ "К", "Р", "Н" санатындағы мүшелер жиналысының шешімімен бекітілді (2001 жылдың 13 қарашасындағы № 6 хаттама);
- 2001 жылдың 15 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы № 1 (з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

### 3. № 2 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2003 жылдың 30 желтоқсанындағы № 35 отырыс хаттамасы);
- "Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2004 жылдың 12 ақпанында келісілген;
- 2004 жылдың 13 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 4. № 3 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2004 жылдың 19 наурызында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2004 жылдың 10 наурызындағы № 6 отырыс хаттамасы);
- 2004 жылдың 23 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 5. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 10 наурызындағы № 6 отырыс хаттамасы) "Қазақстан қор биржасы" АҚ барлық ішкі құжаттарында айтылмыш Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағалы қағаздар нарығын реттеу мемлекеттік органы ретінде "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі" сөздері "бағалы қағаздарды реттеу мемлекеттік органы" ұғымына ауыстырылған, ал айтылмыш Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағалы қағаздар нарығын реттеу мемлекеттік органы қысқартылған "Ұлттық Банк" атауымен аталған жерлерде "Уәкілетті орган" деген ұғымға ауыстырылды.

### 6. № 4 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2004 жылдың 01 қыркүйегінде келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі № 29 (з) отырыс хаттамасы);
- 2004 жылдың 10 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 7. № 5 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2004 жылдың 21 желтоқсанында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2004 жылдың 20 қазанындағы № 37 отырыс хаттамасы);
- 2004 жылдың 21 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

**8. № 6 өзгертулер:**

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2005 жылдың 21 қаңтарында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2004 жылдың 29 желтоқсанындағы № 49 отырыс хаттамасы);
- 2005 жылдың 24 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

**9. № 7 өзгертулер:**

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2005 жылдың 02 желтоқсанындағы келісілген;
- Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2005 жылдың 02 желтоқсанындағы № 39 отырыс хаттамасы);
- 2005 жылдың 22 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

**10. № 8 өзгерту:**

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2007 жылдың 27 желтоқсанында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2008 жылдың 15 қаңтарындағы № 3 (з) отырыс хаттамасы);
- 2008 жылдың 15 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

**11. № 9 өзгертулер мен толықтырулар:**

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2009 жылдың 23 қаңтарында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2009 жылдың 08 қаңтарындағы № 1 (з) отырыс хаттамасы);
- 2009 жылдың 25 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

**12. № 10 өзгертулер:**

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2009 жылдың 10 наурызында келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2009 жылдың 11 ақпанындағы № 8 отырыс хаттамасы);
- 2009 жылдың 11 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

**13. № 11 өзгерту мен толықтыру:**

- Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен 2009 жылдың 20 шілдесінде келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2009 жылдың 18 маусымындағы № 17 отырыс хаттамасы);
- 2009 жылдың 21 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

**14. № 12 өзгерту:**

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылдың 02 сәуірінде келісілген;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2012 жылдың 31 қаңтарындағы № 02 отырыс хаттамасы);
- 2012 жылдың 16 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

**15. № 13 өзгерту:**

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылдың 28 маусымында келісілген;

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен бекітілген (2012 жылдың 28 мамырындағы № 10 отырыс хаттамасы);
- 2012 жылдың 02 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы "Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттық Ережелері" (бұдан әрі - "Ережелер") Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әзірленіп, бағалы қағаздармен "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттығында мәміле жасасу тәртібі мен орындалуын анықтайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Ережелерде және/немесе оның Қосымшаларында қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

**"Биржа"** – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

*(Осы абзац Биржалық кеңестің 2005 жылдың 02 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған)*;

**"Биржаның ішкі құжаттары (Ішкі құжаттар)"** – Биржаның ішкі қызметін реттейтін ұйымдастырушылық құжаттары, осы Ережелер, Биржа органдарының құзіреттілігі шеңберінде қабылдаған шешімдері және өзге де құжаттар *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;

*(Осы абзац Биржалық кеңестің 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен алып тасталған)*;

**"Бағалы қағаздармен жасалған мәмілені орындау (Мәмілені орындау)"** – мәміле жасасқан тараптардың осы мәміле жасасқаннан туындайтын міндеттемелерін орындау арқылы мәміле бойынша есептесулерді жүзеге асыру;

**"Баға белгілеу"** – Биржа мүшесінің белгілі бір тұрпаттағы бағалы қағаздарды жариялаған бағаға сатып алуға және/немесе сатуға, сондай-ақ, өзі қабылдаған немесе жариялаған шарттар негізінде айтылмыш қаржы құралдарымен мәміле жасасуға әзір бағасы; немесе Биржа мүшесінің өзі белгілеген бағамен жариялаған немесе қабылдаған шарттар бойынша қаржы құралдарымен мәміле жасасуды қалауын жариялау; немесе Биржамен жүзеге асырылатын Биржаның Сауда-саттық жүйесінде айналысқа жіберілген қаржы құралдарымен өткізілген сауда-саттық нәтижелері туралы мәліметтерді жинау, өңдеу және Сауда-саттық жүйесінде тіркелген қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің параметрлері (бағасы, көлемі және басқа да мүмкін болатын параметрлері) туралы және/немесе Сауда-саттық жүйесінде тіркелген Биржа мүшелерінің осы қаржы құралдарымен мәміле жасасуға берілген өтінімдер (ұсыныстар) жүйесінің параметрлері (сатып алудың максималды бағасы, сатудың минималды бағасы, көлемі және басқа да мүмкін болатын параметрлері) туралы жариялау *(осы абзац Биржалық кеңестің 2005 жылдың 02 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;

**"Екі жақты баға белгілеу"** – Биржа мүшесінің қаржы құралдарын жариялаған бағаға сатып алуға және/немесе сатуға, сондай-ақ, өзі қабылдаған немесе жариялаған шарттар негізінде айтылмыш қаржы құралдарымен мәміле жасасуға әзір бағасы; немесе баға белгілеу тәсілі (қалауын жариялау) ретінде, Биржа мүшесі қаржы құралының сату және сатып алу бағасын өзі белгілеп, осы баға бойынша аталған қаржы құралдарымен қабылданған немесе жарияланған шарттармен мәміле жасасуға әзір бағасы;

**"Индикаторлық баға белгілеу"** – Биржаның Сауда-саттық жүйесіне "тікелей мәміле" әдісімен берілген өтінім *(осы абзац Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;

**"Тұрақты баға белгілеу"** – үздіксіз қарсылай аукцион әдісімен сауда-саттық өткізгенде, Биржаның Сауда-саттық жүйесіне берілген өтінім Биржа мүшесінің осы өтінім шарттары бойынша қаржы құралының кез келген, бірақ осы өтінімде көрсетілгеннен көп емес, саны бойынша сөзсіз мәміле жасасуға әзірлігін білдіреді *(осы абзац Биржа мүшелерінің 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;

**"Маклер"** – Биржада сауда-саттықтарды ұйымдастырып, өткізуге жауап беретін, Биржа қызметкері.

**"Маркет–мейкер"** – белгілі бір тұрпаттағы бағалы қағаздар бойынша екі жақты баға белгілеулерді үнемі жариялап, қолдауға міндеттеме алған және Биржа оны осындай мүшесі ретінде мойындаған, Биржа мүшесі;

*(Осы абзац Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен алып тасталған)*;

**"Сауда-саттық жүйесіндегі (Алаңдағы) айналыс"** – аталған бағалы қағаздың Биржаның Сауда-саттық жүйесінде (Алаңында) жасалатын мәміленің заты болу мүмкіндігі;

**"Биржа алаңы (Алаң)"** – Сауда-саттық жүйесінің басқа бөліктерінен, сауда-саттыққа қатысушыларға және сауда-саттықта айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарға қойылатын спецификалық талаптармен, сондай-ақ, бағалы қағаздармен мәміле жасасу және оларды орындау шарттарымен ерекшеленетін, сауда-саттық жүйесінің бір бөлігі;

**"Төлемге тұспа-тұс жеткізілім (DVP)"** – мәміленің бір тарапынан бағалы қағаздарды немесе ақшаны жеткізу бойынша міндеттемелерді орындау, екінші тараптың ақша немесе бағалы қағаздарды жеткізу бойынша қарсылай міндеттемелерін орындауысыз мүмкін емес болатын, бағалы қағаздармен мәміле жасасу әдісі;

**"Биржаның Растау жүйесі (Растау жүйесі)"** – осы жүйеге қосылған тұлғаларға, олардың тапсырмаларымен Биржаның Сауда-саттық жүйесінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы мәліметтер алуға қол жеткізетін, және алынған мәліметтердің негізінде Биржаға аталған мәмілелерді растау (мәміле жасасуға берілген тапсырмалардың талаптарына мәмілелердің шарттарының сәйкестігі туралы хабарлау) немесе осы мәмілелерді растаудан бас тартуға мүмкіншілік беретін, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;

**"Биржа тізімі"** – Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес құрылып, бекітілген, Биржаның Сауда-саттық жүйесінде айналысқа жіберілген барлық тұрпаттағы бағалы қағаздардың тізімі;

*(Осы абзац Биржалық кеңестің 2005 жылдың 02 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған);*

**"Биржаның сауда-саттық күні (Сауда-саттық күні)"** – Биржа күнтізбелік күн шеңберінде белгілеген, Биржаның Сауда-саттық жүйесінде бағалы қағаздармен мәміле жасауға арналған кезең;

**"Биржаның Сауда-саттық сессиясы (Сауда-саттық сессиясы)"** – Сауда-саттық күнінің бір бөлігі. Егер сауда-саттық күнін Биржа жеке бөлімдерге бөлмесе, "Биржаның Сауда-саттық күні (Сауда-саттық күн)" және "Биржаның Сауда-саттық сессиясы (Сауда-саттық сессия)" ұғымдары теңмағыналы болып табылады;

**"Биржаның Сауда-саттық жүйесі (Сауда-саттық жүйесі)"** – Биржа мүшелері арасында бағалы қағаздармен мәмілелер жасасуға арналған, өзара байланысқан бөлмелер, жабдықтар, мүліктер, бағдарламалық-техникалық құралдар, ішкі құжаттар және басқа да активтердің жиынтығы;

**"Биржа трейдері"** немесе **"трейдер"** – Биржа мүшесі атынан, Биржаның сауда-саттық жүйесін пайдалана отырып мәмілелер жасасуға және өзге де әрекеттер жасауға өкілденген, жеке тұлға *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 28 мамырындағы шешімімен өзгертулен);*

**"Уәкілетті орган "** – бағалы қағаздар нарығын мемлекет тарапынан реттеуші орган *(осы абзац Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы және Биржа кеңесінің 2004 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген);*

**"Сауда-саттыққа қатысушы"** – Биржаның Сауда-саттық жүйесінде (Алаңында) бағалы қағаздармен мәміле жасасуға жіберілген және Биржа өткізетін бағалы қағаздардың сауда-саттығына қатысатын, Биржа мүшесі.

## I Бөлім. БИРЖАДА САУДАЛАНАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

### 1 бап. Бағалы қағаздарды Биржада айналысқа жіберу шарттары

1. Биржада айналысқа жіберіледі:
  - Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының, сондай-ақ, басқа да мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланған, мемлекеттік бағалы қағаздар;
  - жергілікті орындаушы органдар шығарған Қазақстан Республикасы, сондай-ақ, басқа да мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланған, мемлекеттік бағалы қағаздар;

- Қазақстан Республикасы ұйымдарының, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланған, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар;
  - халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар (облигациялар) *(осы абзац бірнеше абзацтар тобының орнына Биржалық кеңестің 2003 жылдың 30 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*;
  - басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында айналысқа жіберілген шетел эмитенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары;
  - Қазақстан Республикасының борыштық міндеттемелері (вексельдер);
  - Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа жіберілетін басқа да бағалы қағаздар мен қаржы құралдары;
  - негізгі активтері Биржада (сауда-саттыққа) жіберілген бағалы қағаздар болып табылатын, туынды бағалы қағаздар.
2. Бағалы қағаздарды айналысқа жіберу процедурасы осы Ережелердің "L" Қосымшаларында реттеледі.
3. Осы баптың 1 тармағындағы тізімде көрсетілмеген, бірақ уәкілетті орган бағалы қағаздар деп мойындалатын, бағалы қағаздарды Биржада айналысқа жіберу шарттары мен тәртібі осы Ережелердің жекеленген қосымшаларында белгіленеді. Осындай қосымшалар уәкілетті органмен келісуге жатады *(осы тармақ Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

**2 бап.**

**Бағалы қағаздың негізгі параметрлері**

1. Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың негізгі параметрлері әр бағалы қағаз бойынша жеке сипатталады *(осы абзац Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына сипаттама жасалмайды *(осы абзац Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Бағалы қағаздың сипаттамасында оның эмитенті, түрі, атаулы құны, эмиссия көлемі, бағалы қағаздардың саны, тізілім ұстаушысы туралы және биржалық сауда-саттыққа қатысушыларға онымен мәміле жасауға қажетті өзге де мәліметтер болуы тиіс *(осы абзац Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

**II Бөлім. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҒЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР**

**3 бап.**

**Биржалық сауда-саттыққа қатысушы – Биржа мүшелері**

1. Биржа мүшелері, берілген мүшелік санаттарына сәйкес, бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығына қатысуға құқылы.
2. Биржа мүшелігіне қабылдау тәртібі, Биржаға мүшелік етудің және қандай да бір санатты берудің шарттары осы Ережелердің "P" Қосымшаларында реттеледі.

**4 бап. Бағалық қағаздар эмитенттерінің биржалық сауда-саттыққа қатысуы**

Бағалы қағаздарды орналастыру және қайта сатып алу бойынша сауда-саттығын өткізгенде, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес осы сауда-саттыққа аталған бағалы қағаздардың эмитенттері қатыса алады.

*(Осы баптың бастапқы редакциясы биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген; осы бап Биржалық кеңестің 2004 жылдың 29 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*

**5 бап. Трейдерлер**

1. Бағалы қағаздар сауда-саттығына Биржа мүшесі атынан онымен өкілденген жеке тұлғалар – трейдерлер қатысады *(осы тармақша Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен және Биржалық кеңестің 2008 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*
2. Трейдерлерді сауда-саттыққа жіберу шарттары Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.
3. Трейдерлердің биржалық сауда-саттық барысындағы жүзеге асырған кез келген операциялары, олар өкілдейтін Биржа мүшелерінің әрекеттеріне теңестіріледі.
4. Бағалы қағаздармен мәміле жасасу және оларды орындау тәртібін реттейтін осы Ережелердің және басқа да Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын трейдерлер бұзған деректері анықталғанда, Биржа осындай трейдерді бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығынан шеттетуге құқылы.

Трейдерді бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығынан шеттету туралы шешімді Биржа Басқармасы қабылдайды.

Трейдерді бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығынан шеттету туралы Биржа Басқармасының шешіміне Биржалық кеңеске шағымдануға болады.

Шағымдану арызын беру шешімнің күшін тоқтатпайды.

Трейдерді сауда-саттықтан шеттету туралы біржола шешім қабылданғанда, осы туралы уәкілетті органға мәлімет беріледі *(осы абзац Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*

**6 бап. Сауда-саттыққа жіберілетін басқа тұлғалар**

1. Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығына қызмет көрсететін Биржа қызметкерлерінен, сондай-ақ, Биржа Президенті мен оның орынбасарларынан өзге тұлғалар тек Биржа Президентінің немесе оның бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығын өткізуге жетекшілік ететін орынбасарының рұқсатымен, байқаушылар ретінде ғана қатысуына рұқсат етіледі *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 24 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
2. Биржалық сауда-саттыққа байқаушы ретінде қатысып отырған бірде-бір тұлға, сауда-саттық өткізгенде сұрақтарды талқылауға, хабарландыру немесе ескерту жасауға, сондай-ақ, осы сауда-саттыққа қатысы жоқ өзге де әрекеттер жасауға құқығы жоқ *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 29 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
3. Биржалық сауда-саттыққа байқаушы ретінде қатысып отырған тұлғаларға Биржада саудаланатын бағалы қағаздармен операциялар жасауға тыйым салынады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 29 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген).*
4. Биржалық сауда-саттыққа байқаушылар ретінде қатысып отырған тұлғаларға осы үрдіске тікелей немесе жанама түрде кірісуге тыйым салынады.



**III Бөлім. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ БИРЖАЛЫҚ САУДА-САТТЫҒЫН ӨТКІЗУ.  
БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕРДІ РӘСІМДЕУ**

**7 бап. Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығының Регламенті**

1. Сауда-саттық Регламентін (сауда-саттық өткізу орны мен уақыты және оны өткізудің өзге де параметрлерін) Биржа Басқармасы белгілейді.
2. Биржа Басқармасы белгілеген сауда-саттық өткізу орны мен уақытының өзгергені туралы Биржа сауда-саттыққа қатысушыларына сауда-саттық басталар алдында 18 сағаттан кешіктірмей хабарлауы тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген норма, сауда-саттықты әдеттегі тәртіппен өткізу мүмкін болмайтын жағдайда Биржа Президенті немесе Биржаның сауда-саттықты өткізуге жетекшілік ететін Вице-Президенті сауда-саттық регламентін шұғыл өзгерту жағдайларына қолданылмайды.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

**8 бап. Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығын өткізу әдісі**

1. Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттық әдістері осы Ережелердің "М" қосымшасында сипатталады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*
2. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*
3. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен алып тасталған).*
- 3–1. Бағалы қағаздарды орналастыру немесе кері сатып алу бойынша сауда-саттық өткізудің стандартты әдісі мамандандырылған сауда-саттық әдісі болып табылады, алайда биржа мүшесінің бастамасымен өткізілетін осындай сауда-саттық өткізуде, Биржамен келісе отырып, өзге әдісті таңдау құқығын шектемейді *(осы тармақ Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен енгізілген және Биржалық кеңестің 2004 жылдың 29 желтоқсанындағы және 2012 жылдың 31 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген).*
4. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 19 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған).*
5. Биржа өзінің Сауда-саттық жүйесін жұмысқа жарамды күйінде ұстауға мүмкіндігінше бар күш-жігерін жұмсауға, сондай-ақ, жүйе жұмысындағы жаңылыстар туралы барлық қолжетімді тәсілдермен сауда-саттыққа қатысушылар мен өзінің өзге де мүшелеріне дереу хабарлауға, аталған жаңылыстарды жою бойынша іс-шаралар қолдануға міндетті.

**9 бап. Биржаның комиссиялық және өзге де алымдары**

1. Сауда-саттыққа қатысушылар бағалы қағаздармен жасалған мәмілелері бойынша Биржаға комиссиялық алымдар төлейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*
2. Биржаға төленетін комиссиялық алымдардың көлемдері, есептеу және төлеу тәртібі оның ішкі құжаттарында анықталады *(осы тармақ Биржа кеңесінің 2004 жылдың 10 наурызындағы және 2004 жылдың 10 қыркүйегіндегі шешімдерімен өзгертілген).*

3. Биржа мүшелерімен төлеуге жататын алымдардың (соның ішінде Биржа мүлігін пайдаланғаны үшін) өзге де түрлері Биржаның ішкі құжаттарында анықталуы мүмкін *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

**10 бап.**

**Бағалы қағаздармен жасалатын биржалық мәмілелер. Мәмілелерді рәсімдеу**

1. Биржалық мәмілелер деп, осы Ережелерге сәйкес өткізілетін сауда-саттық барысында сауда-саттыққа қатысушылар арасында жасалған, бағалы қағаздардың сатып алу – сату мәмілелері танылады. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер Биржаның сауда-саттық жүйесінде тіркелгеннен кейін ғана жасалды деп саналады.
2. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер биржалық куәліктермен рәсімделеді.

Биржалық куәлік биржалық сауда-саттық барысында бағалы қағаздардың сатып алу - сату мәмілесінің жасалу фактін растайтын, сондай-ақ, аталған мәміленің Биржаның тіркеуінен және есепке алуынан өту фактін куәландыратын, құжат.

3. Биржа маклерінің (Биржа маклерінің орынбасарының) қолы қойылып, Биржа мөрімен расталған Биржалық куәлік, Биржа мен сауда-саттыққа қатысушысы арасындағы, осы Ережелер мен Биржаның ішкі құжаттарының осылар аталған бөлігіндегі талаптарға сәйкес келетін және жасасқан мәмілелері бойынша өзара міндеттемелерін белгілейтін құжат.
4. Биржалық куәлік екі данада рәсімделіп, біреуі сауда-саттыққа қатысушысының трейдеріне беріледі, ал екінші данасы қазақстандық теңге мен бағалы қағаздармен есептесулерді жүзеге асыру үшін Биржада қалады.
5. Биржада жасалған мәмілелердің тараптары туралы ақпарат, сондай-ақ, оны жасағаннан кейін рәсімделген биржалық куәліктің мазмұны коммерциялық құпияға жатады және осы мәміленің бір тарабы болып табылатын сауда-саттыққа қатысушыларының рұқсатысыз үшінші жақтарға әйгіленуіне жатпайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 20 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы тыйым, істегі заңнамаға сәйкес уәкілетті органға және басқа да мемлекеттік органдарға биржалық сауда-саттық нәтижелері туралы ақпарат беруге қолданылмайды *(осы абзац Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

**11 бап.**

**Биржалық ақпарат**

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2004 жылдың 20 қазанындағы шешімімен алып тасталған)*.

**IV Бөлім. ЕРЕКШЕ ҚИЫН ЖАҒДАЙЛАР**

*(Осы тақырыптама Биржалық кеңестің 2009 жылдың 08 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

**12 бап.**

**Ерекше қиын жағдайлар туралы жалпы қағида**

1. Осы Ережелердің 12-1 және 12-2 баптарының мақсаттары үшін:
  - 1) Биржаның ресми тізімі деп, бірнеше секторлардан тұратын және жеке санаттар мен санаттарға бөлінетін, Биржа тізімінің бір бөлігін түсіну керек, айтылмыш тізімге енгізу және осында айналыста болу үшін бағалы қағаздар белгілі (листингтік) талаптарға сай болуы тиіс;

- 2) акциялар нарығының индексі деп, "Қор нарығының индикаторларын есептеу әдістемесі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес Биржа есептейтін, Сауда-саттық жүйесінде айналыста жүрген ең танымал акциялармен жасалған мәмілелер бағаларының динамикасын сипаттайтын, қор нарығының индикаторын түсіну керек;
  - 3) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бағасының өзгеруін, ағымдағы сауда-саттық күні осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалған соңғы мәміле бағасының, соның алдындағы соңғы нәтижелі сауда-саттық сессиясында (яғни, осы атаудағы бағалы қағаздармен ең болмаса бір мәміле жасалған сауда-саттық сессиясында) жасалып, орындалған мәміле бағасына қатысты өзгеруі деп анықталады.
2. Осы Ережелердің 12-1 және 12-2 баптарына сәйкес уәкілетті органға Биржа ескертпе бергенде:
- 1) аталған ескертпе беру, Биржа уәкілетті органға электрондық пошта және/немесе факспен, осы мақсаттарға Биржаға уәкілетті орган берген деректемелерге (нөмірлерге) тиісті хабарламалар жіберу арқылы жүзеге асырылады;
  - 2) айтылмыш хабарламалар, сауда-саттық өткізуге жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі белгілеген нысанда (осы Ережелердің 12-1 бабының 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) құрастырылады;
  - 3) айтылмыш хабарламаларға маклер қол қойып, сауда-саттықты өткізуге жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесіне дереу мәлімдеп, жолданады;
  - 4) факс арқылы жолданатын хабарламалар Биржаның әдеттегі шығыс хат-хабарлары сияқты тіркеледі;
  - 5) аталған хабарламаларды уәкілетті органмен алуына көз жеткізу үшін маклер тиісті шаралар қолдануы тиіс.

*(Осы бап Биржа мүшелері жиналысының 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен толықтырылып, Биржалық кеңестің 2009 жылдың 08 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

**12–1 бап. Уәкілетті органға ескертпе хабарламасын беруді талап ететін ерекше қиын жағдайлар**

1. Алматы уақытымен 17.50-ге дейін Биржа уәкілетті органға, ағымдағы жұмыс күнде өткізілген сауда-саттық күнінде акциялар бойынша орын алған мынадай жағдайлар:
  - 1) Биржаның ресми тізіміне бірінші немесе екінші санат бойынша енгізілген қандай да бір атаудағы акция бағасының кемінде 15 пайызға өзгеруі;
  - 2) акциялар нарығының индексінің алдыңғы сауда-саттық күніндегі көрсеткішінен кемінде 5 пайызға өзгеруі туралы мәлімдейді.
2. Осы баптың 1 тармағында аталған жағдайлардың бірі орын алғаны туралы уәкілетті органға Биржа беретін ескертпе хабарламасының нысанында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында пайда болған, аталған жағдай орын алуына себеп болған жағдайдың қысқаша талдауының қорытындысын енгізуге арналған орны немесе қосымшасы қарастырылуы тиіс.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2009 жылдың 08 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).*

**12–2 бап. Сауда-саттықты уақытша тоқтатуды талап ететін немесе уақытша тоқтата алатын ерекше қиын жағдайлар**

1. Биржаның ресми тізімінің бірінші санатындағы қандай да бір атаудағы акциялардың бағасы кемінде 30 пайызға төмендегенде, аталған акциялар бойынша сауда-саттықты Биржа уақытша тоқтатады *(осы тармақ Биржа кеңесінің 2009 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Биржаның ресми тізімінде тұрған барлық атаудағы акциялардың нарықтық индексі соңғы және оның алдындағы сауда-саттық күніндегі осы индекстің көрсеткішіне қатысты 15 және одан да көп пайызға төмендегенде, барлық атаудағы акциялар бойынша сауда-саттықты Биржа уақытша тоқтатады *(осы тармақ Биржа кеңесінің 2009 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Осы баптың 1 және 2 тармақтарымен белгіленген жағдайларда сауда-саттықты уақытша тоқтату Биржаның Сауда-саттық жүйесінің бағдарламалық қамтуымен автоматты түрде іске асырылады; бұл жағдайда маклер осындай уақытша тоқтату туралы сауда-саттықты өткізуге жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесіне дереу хабарлауы тиіс *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2009 жылдың 11 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Биржа қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттығын келесі жағдайларда уақытша тоқтатады (егер айтылмыш жағдайлар осы баптың 1 және тармақтарында көрсетілген жағдайлардан өзгеше болса):
  - 1) осы атаулы бағалы қағаздардың бағасы 50 және одан да көп пайызға өзгерсе;
  - 2) осы атаудағы бағалы қағаздардың сапасы нашарлауы деңгейі инвесторлардың мүддесіне елеулі қауіп төндірсе;
  - 3) осы атаудағы бағалы қағаздарға қатысты басқа да факторлардың пайда болуы инвесторлар мен Биржаның мүдделеріне, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушылардың барлығының мүддесіне елеулі қауіп төндірсе.
5. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың, осы баптың 4 тармағында белгіленген жағдайларға байланысты, сауда-саттығын уақытша тоқтату Биржа Басқармасының шешімімен жүзеге асырылып, осы шешімде уақытша тоқтатудың себептері мен мерзімдері көрсетілуі тиіс.
6. Бағалы қағаздардың сауда-саттығы, осы баптың 3 және 5 тармақтарына сәйкес, уақытша тоқтатылғанда Биржа сауда-саттық тоқтағаннан кейін бір сағат ішінде уәкілетті органға осы туралы хабарлауы тиіс. Сонымен бірге, айтылмыш мерзімде Биржа сауда-саттықтың уақытша тоқтатылуы туралы Биржа мүшелеріне Сауда-саттық жүйесі арқылы тиісті хабарлама таратуы тиіс.
7. Егер Биржа уәкілетті органнан кеңес алғаннан кейін уәкілетті органның жазбаша түрде бағалы қағаздардың сауда-саттығын уақытша тоқтату мерзімін ұзарту туралы хатын алмаса, осы баптың 3 тармағына сәйкес уақытша тоқтатылған, қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттығы жаңа сауда-саттық күні басталысымен қайта жалғастырылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2009 жылдың 18 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

Егер сауда-саттықты уақытша тоқтату трейдердің қателесуіне немесе Сауда-саттық жүйесі жұмысындағы техникалық ақауларға байланысты болып, ал Биржа уәкілетті органнан кеңес алғаннан кейін жазбаша түрде бағалы қағаздардың сауда-саттығын уақытша тоқтату мерзімін ұзарту туралы хатын алмаса, сауда-саттықты тоқтатылған сауда-саттық күнінде қайта жалғастыруға рұқсат етіледі *(осы абзац Биржалық кеңестің 2009 жылдың 18 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы баптың 5 тармағына сәйкес уақытша тоқтатылған, қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттығы Биржа Басқармасымен белгіленген уақытша тоқтату мерзімі аяқталғаннан кейін қайта жалғастырылады.

*(Осы бап Биржалық кеңестің 2009 жылдың 18 маусымындағы шешімімен енгізілген).*

**V. МӘМІЛЕНІ ОРЫНДАУ.  
ЕСЕПТЕСУ МЕРЗІМДЕРІН БҰЗУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

**13 бап. Мәмілені орындау және есептесу мерзімдерін бұзу үшін жауапкершілік**

қазақстандық теңгемен және бағалы қағаздармен жасалған мәмілені орындау тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ, есептесу мерзімдерін бұзу үшін жауапкершілік осы Ережелердің "R" Толықтыруларында белгіленіп, бағалы қағаздардың сипаттамалары мен негізгі параметрлеріне қарай сараланады.

**VI Бөлім. ДАУ-ЖАНЖАЛДАР**

**14 бап. Даулар мен келіспеушіліктерді шешу**

Сауда-саттыққа қатысушылар мен Биржа арасындағы биржалық мәмілелерді жасасу және орындау бойынша даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы, ал тараптарға қолайлы шешім табылмағанда – Биржаның Төрелік комиссиясында шешіледі.

Ішкі құжаттармен реттелмеген немесе ішкі құжаттардың қайшылығы нәтижесінде пайда болған сұрақтар бойынша шешімді Биржалық кеңес қабылдайды *(осы абзац Биржа мүшелері кеңесінің 2001 жылдың 13 қарашасындағы шешімімен енгізілген).*

Президент

Д.Б. Қарасаев